



18/1-212 31.08.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ
ИНТЕГРАЛДЫ ГРА ережесі

Е 493-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 2 беті

**1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі мен жастар саясаты бөлімі
ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	5
3. Қолдану саласы.....	6
4. Жалпы ережелер.....	6
5. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын бағалау және жұмысты ұйымдастыру тәртібі (iROS).....	8
6. Білім алушылардың әлеуметтік құзіреттіліктерін бағалау және жұмысты ұйымдастыру тәртібі (SSCI).....	10
7. Міндеттері және жауапкершілік.....	11
8. Қорытынды ережелер.....	14
А қосымшасы	17
Білім алушылардың зерттеу құзіреттілігі картасы.....	
Б қосымшасы	20
Білім алушылардың зерттеу дағдыларын бағалау шкаласы (IROS).....	
В қосымшасы	24
Білім алушылардың әлеуметтік құзіреттілік картасы.....	

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Интегралдық GPA енгізу ережесінде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (03.03.2026 №107)).

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 бұйрығы;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026 «ОҚМА»;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		
		Е 493 - 2026
	2-ші басылым 26 беттің 5 беті	

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

- академиялық кезең - теориялық оқыту кезеңі: семестр;
- білім алушылардың оқу жетістіктері - білім алушылардың оқу үдерісінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері;
- білім алушының академиялық жетістіктері - бұл жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде білім алушылардың меңгерген білімдерінің, дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы және оның оқу жетістіктерінің, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерінің жалпы деңгейін сипаттайды;
- білім алушының академиялық жетістіктерінің интегралды орташа балы (IGPI) бұл білім алушының академиялық үдерісте алған белгілі бір кезеңдегі академиялық жетістіктерін кешенді бағалау және қол жеткізілген оқу нәтижелерін (үлгерімін), зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерін көрсетеді;
- үлгерімнің орташа балы (Grade point average GPA) тандалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);
- білім алушының зерттеу дағ(iROS) бұл зерттеу және жобалау қызметі үдерісінде алған, индикаторларымен өлшенетін білім алушының зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы. Оның зерттеу дағдыларының орташа балы;
- білім алушылардың Әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI) - бұл индикаторлармен өлшенетін және оның әлеуметтік құзыреттердің орташа балын көрсететін (SSCI - social sporty competition indicators) қоғамдық (қоғамға қызмет ету, оның ішінде волонтерлік қызмет), әлеуметтік және спорттық қызмет үдерісінде алған білім алушының дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;
- академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 6 беті

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.
- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.
- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.
- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.
- «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам;
- GPA - Grade Point Average;
- iROS - indicators of Research-Oriented Study;
- SSCI - social sporty competition indicators;
- ЖСБ – жастар саясаты бөлімі.
- ҒЖБ — ғылыми жұмыстар бөлімі.

3 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) білім алушыларының интегралдық GPA енгізу Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді. Ереже білім алушының оқу жетістіктерін, зерттеу жүргізу дағдыларын және академиялық процесте алатын қоғамдағы әлеуметтік-азаматтық ұстанымын көрсететін жан-жақты даму деңгейін кешенді өлшеу үшін қолданылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 7 беті

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«ОҚМА» АҚ білім алушыларының интегралды GPA жоғары білімі бар, зерттеулер мен инновацияларға бағдарланған білімге негізделген және қоғам алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар медицинаны құруға бағытталған тұлғалардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған.

Интегралды GPA білім алушының оқу жетістіктерінде қол жеткізген деңгейін, зерттеу қызметіне бейімділігін және әлеуметтік құзыреттердің даму дәрежесін көрсетеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерімен зерттеу дағдылары және әлеуметтік құзыреттердің бағаларын (балдарын) есепке алу мен есептеуді корреляциялау үшін олардың еңбек сыйымдылығы академиялық кредиттерде (академиялық сағаттарда) өлшенеді және интегралдық GPA-дың барлық үш құрамдас бөлігі бойынша бағалау бірыңғай 100 балдық бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

4.4. Білім алушылардың академиялық жетістіктері рейтингін (интегралдық GPA) есептеу ақпараттық жүйеде жүзеге асырылады:

- білім алушы арнайы платформада құзыреттер картасынан және қосымшада көрсетілген кестелерден таңдалған көрсеткіштері бар нысанды толтырады А,Б қосымшаларына сәйкес дәлелдейтін құжаттарды тіркейді;

- iROS және SSCI орташа баллдарын есептеу тиісті құрылымдық бөлім қызметкерлері орындаған жұмыстарды растағаннан кейін жүргізіледі;

- интегралдық GPA білім алушының академиялық жетістіктерінің деңгейі (IGPA) ретінде есептеледі және оқу жетістіктерінен 0,5, зерттеу дағдыларынан 0,35 және білім алушының әлеуметтік құзыреттерінен 0,15 пайыздық үлестерінің қосындысы ретінде есептеледі:

$$IGPA = GPA * 0,5 + iROS * 0,35 + SSCI * 0,15$$

4.5. Интегралдық GPA есептеу әрбір оқу семестр қорытындысы бойынша жүргізіледі.

4.6. Үлгерімнің орташа балы (GPA) білім алушының оқу жетістіктерін (академиялық кезең, оқу жылы, бүкіл оқу кезеңі үшін) көрсетеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (03.03.2026 №107), ЖЖОКБҰ білім алушылардың оқу үлгерімдерін, зерттеу дағдыларын және әлеуметтік құзыреттерін бағалауды қамтитын кешенді бағалауды жүзеге асыруы қажет.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 8 беті

Оның негізінде интеграцияланған әлеуметтік GPA (Grade point average (Грәйд поинт аверидж)) (бұдан әрі – әлеуметтік GPA) есептеледі.

4.7. «ОҚМА» АҚ білім алушының зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерін бағалау үшін осы компоненттер бойынша білім алушының қызмет түрлері мен нысандары, ұйымдастыру тәртібі, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттердің жетістіктерін бағалау критерийлері, көрсеткіштері мен әдістемесі, бағалау шкаласы және білім алушыға балл беру тәртібі айқындалады.

4.8. Зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерді бағалаудың дұрыстығын, объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «ОҚМА» АҚ тиісті дағдылар мен құзыреттердің тізімі, сипаттамасы және көрсеткіштері бар картасы әзірленеді.

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ (IROS)

5.1. Академиялық топтарды кафедраларға бекіту деканаттар тарапынан кафедралардың ғылыми бағыттарына сәйкес жүзеге асырылады және ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.2. Кафедра меңгерушісі кафедраның ғылыми қызметіне жауапты тұлғаны бекітеді. Жауапты тұлға кафедраға тіркелген білім алушылардың iROS бойынша енгізілген мәліметтері мен құжаттарын тексеріп, ақпараттық жүйеде оларды растау немесе қабылдамау әрекетін жүзеге асырады.

5.3. Білім алушы «ОҚМА» АҚ ақпараттық жүйесінде электрондық нысанды өз бетінше толтырып, ғылыми құзыреттілік картасына сәйкес зерттеу қызметі туралы мәліметтерді және растайтын құжаттарды енгізеді, ал енгізілген ақпарат білім алушы бекітілген кафедраның жауапты тұлғасына тексеру үшін қолжетімді болады.

5.4. Егер бір оқу жылы ішінде бір қызмет түрі бойынша бірнеше жетістік тіркелсе, есепке расталған жетістіктердің ең жоғары көрсеткіші алынады.

5.5. iROS қорытынды балы білім алушының зерттеу құзыреттілік деңгейін анықтайды: 0–30 балл – төмен деңгей, 31–49 балл – қанағаттанарлық деңгей, 50–74 балл – жақсы деңгей, 75–89 балл – жоғары деңгей, 90–100 балл – үздік деңгей.

5.5 Білім алушының келесі оқу жылына өтуі үшін iROS бойынша өту балы кемінде 30 баллды құрайды.

5.6. Расталған зерттеу дағдылары болмаған жағдайда немесе білім алушы тиісті растайтын құжаттарды (сертификаттар, дипломдар және т.б.) енгізбеген жағдайда, iROS бойынша 0 балл есептеледі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 9 беті

5.7 Білім алушы iROS бойынша белгіленген өту балын жинай алмаған жағдайда, оған жазғы семестр кезеңінде белгіленген талаптарға сәйкес қажетті балды жинау мүмкіндігі беріледі. Жазғы семестр нәтижесі бойынша да өту балын жинай алмаған жағдайда, білім алушы «ОҚМА» АҚ академиялық саясатына сәйкес тиісті курс бойынша оқудан шығарылады.

5.8. Білім алушының iROS қорытынды балы келесі формула бойынша есептеледі:

$$iROS = \Sigma (3Bn \times CKn),$$

мұндағы:

n — зерттеу белсенділігінің тиісті түрі ($n = 1, 2, \dots, 6$);

$3Bn$ — n -ші белсенділік түрі бойынша есептелген, 1-кесте бойынша іс-шара деңгейін және (бар болса) жиілік градациясын ескере отырып айқындалатын балл;

CKn — 1-кестеге сәйкес n -ші белсенділік түрінің салмақтық коэффициенті.

5.9. Әрбір семестр аяқталғаннан кейін білім алушының сол семестрдегі iROS көрсеткіші есептеліп, интегралдық GPA ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Келесі семестр аяқталған кезде білім алушының жаңа кезең бойынша iROS көрсеткіші жеке қалыптастырады.

5.10. Білім алушының зерттеу дағдылары бойынша көрсеткіштері А қосымшасында көрсетілген зерттеу құзыреттіліктері картасына сәйкес анықталып, балл Б қосымшасындағы зерттеу дағдыларын бағалау шкаласына сәйкес есептеледі.

5.11. ҒЖЖБ iROS бойынша жұмыстардың орындалуына мониторинг жүргізеді, білім алушылар енгізген мәліметтер мен құжаттарға іріктемелі тексеру жүргізеді және даулы мәселелер туындаған жағдайда оларды қарастырады.

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ (SSCI)

6.1. Білім алушылар «ОҚМА» АҚ-ның, қаланың, облыстың, республиканың, халықаралық дәрежеде қоғамның өміріне белсенді қатыса отырып, әлеуметтік құзыреттерге ие болады.

6.2. Білім алушылардың әлеуметтік және спорттық жетістіктерін бағалау (SSCI) әлеуметтік және спорттық қызметтің әрбір түрі бойынша көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 10 беті

6.3. Білім алушының әлеуметтік құзыреттілігі бойынша баллдар білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілік картасы (бұдан әрі – В қосымшасына сәйкес SSCI картасы) бойынша беріледі.

6.4. SSCI картасы негізгі әлеуметтік құзыреттердің сипаттамасын, белсенділік көрсеткіштерін және білім алушының спорттық және әлеуметтік белсенділігі үшін ұпай беру санын қамтиды. SSCI картасы «ОҚМА» АҚ Студенттік кеңесімен келісіледі және «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

6.5. Бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі: 0-100 балл, мұндағы 0 - 49 балл қанағаттанарлықсыз.

6.6. Білім алушылардың SSCI бойынша жүйеге енгізген мәліметтері мен растайтын құжаттарының уақтылы жүктелуін және олардың дұрыстығын кафедраның тәрбие жұмысына жауапты тұлғалары семестрдің соңғы күніне дейінгі мерзімде тексеріп, растайды. Жастар саясаты бөлімі (ЖСБ) студенттік өзін-өзі басқару өкілдерімен бірлесіп, мәліметтердің расталуына жалпы бақылау, қадағалау және іріктемелі мониторинг жүргізеді.

6.7. SSCI іске асырудағы ұпайларды есептеу «ОҚМА» АҚ ақпараттық жүйесінде білім алушының профилін толтыру арқылы жүзеге асырылады. SSCI есептеу үшін білім алушылар ақпараттық жүйеге мәліметтерін жүктейді. Расталатын құжаттар жиынтығы (ресми өкім, қатысу туралы сертификат, фото және т.б.).

6.8. Әрбір іс-шара бойынша ЖСБ тәрбие жұмысының кешенді жоспарына сәйкес әлеуметтік белсенділіктің 3 негізгі категориясын бөледі: ұйымдастырушы, қатысушы, көрермен.

6.11. Ұсынылған санаттар шеңберінде SSCI бағалау үшін ЖСБ әлеуметтік белсенділік деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштерді қалыптастырады. Олар: студенттік өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы, волонтерлік, спорт және басқа да шаралар.

6.12. Әрбір санат шеңберінде білім алушының әлеуметтік және спорттық белсенділік сапасына байланысты 0-ден 100 балға дейін алуға мүмкіндігі бар.

6.13. Студенттік өзін-өзі басқару, студенттік ұйымдар өз бетінше ұйымдастыратын, тәрбие жұмысының кешенді жоспарының іс-шаралар тізбесіне кірмейтін іс-шаралар, жобалар және әлеуметтік белсенділіктің басқа да түрлері ұйымдастырушылардың ЖСБ-ға өткізуден 1 апта бұрын іс-шаралар тұжырымдамасын, бағдарламасын ұсынуы қажет.

6.14. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде білім алушылардың волонтерлігі де әлеуметтік белсенділік түрі болып табылады, мұнда көрсеткіштерді ЖСБ жұмылдырылған құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп айқындайды.

6.15. Білім алушының әлеуметтік белсенділігінің нәтижелері бойынша SSCI орташа балы шығарылады, оның максималды көрінісі 4,0 құрайды.

6.16. Әрбір әлеуметтік белсенділіктің бағалау критерийлері бар (В қосымшсы), осы қосымшада көрсетілген кесте арқылы бағалау жүргізіледі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		E 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 11 беті

6.17. Әрбір критерий бойынша балдар жинақталады, осылайша әріптік жүйе бойынша әлеуметтік белсенділікті бағалау айқындалады, ол кейіннен цифрлық баламаға айырбасталады.

6.18. Қорытынды SSCI төмендегідей есептеледі:

$$\text{Балл}_{\text{Вид } M1} = \text{Макс балл}_{\text{Вид } M1} + \sum_{k=1}^n \text{Доп.балл}_{\text{к вида } M1 \text{ в сооТвеТсТвии со сТаТусом вовлеченносТи}}$$

$$\text{Социальня йСредний балл} = \frac{\sum_{k=1}^n (\text{Доля}_{\text{Вид мероприяТия } M_k} \cdot \text{Балл}_{\text{Вид мероприяТия } M_k})}{\sum_{k=1}^n \text{Доля}_{\text{к вида } M1, \text{ в коТоря х учасТвовал}}}$$

n — количество посещения мероприятий одного вида

Б — Балла по сТаТусу учаСтия в мероприяТиях одного вида

Балл_{видМ} — Рассчитанный балл по одному виду мероприятия

6.19. SSCI көрсеткіші белгіленген шекті деңгейден төмен болған жағдайда, білім алушы келесі оқу кезеңінде қосымша әлеуметтік, спорттық, волонтерлік және қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы өз көрсеткішін арттыруға міндетті.

6.20. SSCI көрсеткішін арттыру мақсатында білім алушы Жастар саясаты бөлімі бекіткен іс-шараларға ұйымдастырушы, ерікті немесе қатысушы ретінде қатыса алады. Қосымша жинақталған балдар SSCI қайта есептеу кезінде ескеріледі.

6.24. Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін (SSCI) бағалау критерийлері.

7. МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Ережені іске асыруға қатысатын білім алушылар, құрылымдық бөлімшелер және жауапты тұлғалар өз құзыреті шегінде интегралдық GPA (IGPA), зерттеу дағдылары (iROS) және әлеуметтік құзыреттер (SSCI) көрсеткіштерін қалыптастыру, мәліметтерді енгізу, тексеру, растау, есептеу және мониторингілеу бойынша келесілерге міндетті:

7.1. Білім алушы:

- ақпараттық жүйеге iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша мәліметтерді уақтылы және толық енгізуге;
- енгізілген мәліметтердің дұрыстығына және растайтын құжаттардың түпнұсқалығына;
- жалған, өзгертілген немесе басқа тұлғаға тиесілі құжаттарды ұсынбауға;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		E 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 12 беті

7.2. Кафедраның ғылыми қызметі мен тәрбие жұмысына жауапты тұлғасы:

- білім алушылар енгізген iROS және SSCI мәліметтері мен растайтын құжаттарын семестрдің соңғы күніне дейінгі мерзімде тексеруге;
- көрсеткіштердің осы Ережеде белгіленген критерийлерге сәйкестігін бағалауға;
- негіз болған жағдайда мәліметтерді растауға немесе қабылдамауға;
- тексерудің объективтілігі мен дұрыстығына жауапты.

7.3. Кафедра меңгерушісі:

- кафедрада iROS, SSCI бойынша жұмысты ұйымдастыруға;
- жауапты тұлғаны белгілеуге;
- білім алушылардың зерттеу белсенділігін арттыруға жағдай жасауға;
- кафедра деңгейінде енгізілетін және расталатын мәліметтердің сапасын бақылауға жауапты.

7.4. Ғылыми жұмыстар бөлімі (ҒЖБ):

- iROS жүйесінің іске асырылуына жалпы мониторинг жүргізуге;
- енгізілген және расталған мәліметтерге іріктемелі бақылау жүргізуге;
- iROS бойынша даулы мәселелерді қарауға және әдістемелік түсіндіру беруге;
- анықталған сәйкессіздіктерді түзету бойынша тиісті шаралар қабылдауға.

7.5. Жастар саясаты бөлімі (ЖСБ):

- SSCI жүйесінің іске асырылуына жалпы мониторинг жүргізуге;
- енгізілген және расталған мәліметтерге іріктемелі бақылау жүргізуге;
- SSCI бойынша даулы мәселелерді қарауға және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- анықталған сәйкессіздіктерді түзету бойынша тиісті шаралар қабылдауға;
- студенттік өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге.

7.6. Деканаттар:

- білім алушыларды кафедраларға уақтылы бекітуді ұйымдастыруға;
- iROS және SSCI көрсеткіштерінің белгіленген мерзімде қалыптастырылуын бақылауға;
- өту балын жинамаған білім алушылар бойынша осы Ережеге және Академиялық саясатқа сәйкес шаралар қабылдауға жауапты.

7.7. Компьютерлік тестілеу және баспахана орталығы:

- iROS, SSCI және IGPA көрсеткіштерін енгізу, растау және есептеу үшін ақпараттық жүйенің техникалық жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		E 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 13 беті

- пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын олардың өкілеттіктеріне сәйкес қамтамасыз етуге;

7.8. «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері, білім алушысы (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті;

7.9. Қызметкер, білім алушы жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

7.10. Осы Ережені іске асыруға қатысатын тұлғалар:

- өз өкілеттіктері шегінде енгізілетін, тексерілетін және расталатын мәліметтердің дұрыстығына, объективтілігіне және уақтылы өңделуіне жауапты;

- жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады;

- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

7.11. Жалған немесе бұрмаланған мәліметтер мен құжаттарды ұсыну, сондай-ақ көрсеткіштерді негізсіз растау фактілері анықталған жағдайда тиісті нәтижелердің күші жойылады және кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шаралар қолданылады.

7.12. iROS және SSCI көрсеткіштерін бағалау кезінде мүдделер қақтығысына, білім алушыларға негізсіз артықшылық беруге немесе олардың нәтижелерін негізсіз төмендетуге жол берілмейді.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және ол күші жойылғанға немесе жаңа Ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

8.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар кафедралардың, ҒЖБ-ның, деканаттардың және (немесе) Ғылыми кеңестің ұсыныстары негізінде «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен енгізіледі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 14 беті

8.3. Зерттеу дағдыларының (iROS), әлеуметтік құзыреттердің (SSCI) және академиялық жетістіктердің интегралдық орташа балының (IGPA) көрсеткіштері білім алушыларды мониторингілеу, рейтингтік бағалау, ынталандыру және оларды ғылыми, әлеуметтік, спорттық және өзге де оқудан тыс қызметке ынталандыру мақсатында пайдаланылады.

8.4. Интегралдық GPA (IGPA) білім алушылардың рейтингтерін қалыптастыру, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, ғылыми жобаларға, конкурстарға, гранттарға, көтермелеу шараларына және белсенді білім алушыларды қолдауға бағытталған өзге де іс-шараларға қатысу үшін іріктеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

8.5. Ереже «ОҚМА» АҚ ресми сайтында міндетті түрде орналастырылуға және «ОҚМА» АҚ барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің назарына жеткізілуге тиіс.

8.6. iROS, SSCI және интегралдық GPA (IGPA) көрсеткіштерінің нәтижелері білім алушыларға қолдау мен ынталандырудың келесі шараларын беру кезінде ескерілуі мүмкін:

- бос білім беру гранттарын бөлу кезінде интегралдық GPA (IGPA) мәні жоғары білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа да тең жағдайларда артықшылық берілуі мүмкін;

- үздік диплом беру мәселесін қарау кезінде білім алушының тек Қазақстан Республикасының заңнамасында және «ОҚМА» АҚ Академиялық саясатында белгіленген академиялық үлгерім көрсеткіштері ғана емес, сондай-ақ интегралдық GPA (IGPA) жоғары деңгейі де болуға тиіс. Үздік диплом алу үшін қажетті интегралдық GPA (IGPA) ең төменгі мәні «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

- академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, ғылыми тағылымдамаларға және халықаралық білім беру бағдарламаларына іріктеу кезінде артықшылықтар беру;

- білім алушылардың ғылыми және кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған қалалық, республикалық және халықаралық конкурстарға, форумдарға, жобаларға, гранттық бағдарламаларға және өзге де іс-шараларға қатысуға ұсынымдар.

8.7. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесінде бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

8.8. Осы Ережеде өзгерістер мен толықтырулар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға өзгерістер Ғылыми кеңес бекіткен кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі	E 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі	2-ші басылым 26 беттің 15 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты -жөні
Ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісінің м.а.	М.Н. Мухамедияров
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.А.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е.Аукенов
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.Ұ.Анартаева
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Фармация факультетінің деканы	К.Е.Арыстанбаев
Медицина факультетінің деканы	А.А.Сейдахметова
Халықаралық факультетінің деканы	А.А. Сарсенбекова
Комплаенс офицер	Н.Е.Пернебаев

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 16 беті

А ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушылардың зерттеу құзыреттілігінің картасы

Мақсаты: білім алушылардың зерттеу құзыреттерін білім алушылардың зерттеу дағдыларын бағалау және жұмысты ұйымдастыру туралы Ережеге (iROS) сәйкес бүкіл оқу кезеңі бойы кезең-кезеңімен қалыптастыру.

iROS құрылымы: зерттеу дағдылары қызметтің екі түрі бойынша есепке алынады — **жарияланымдық белсенділік** (салмақтық коэффициент 0,70) және **ғылыми қызмет** (салмақтық коэффициент 0,30). Карта білім алушының әрбір оқу курсындағы зерттеу құзыреттілігінің күтілетін деңгейін айқындайды.

1 курс

Құзыреттер:

- медицинадағы ғылым мен зерттеулердің рөлі туралы базалық білімі бар;
- академиялық адалдық және зерттеу этикасы қағидаттарын сақтайды;
- ғылыми ақпаратты іздеу дағдыларын меңгерген;
- кітапханалық және электрондық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген;
- PubMed, Google Scholar және өзге де ғылыми деректер базасын пайдалана алады;
- дәлелді медицина қағидаттары туралы базалық білімі бар;
- қарапайым ғылыми хабарламаларды дайындау дағдыларын меңгерген.

Күтілетін нәтижелер:

- берілген тақырып бойынша ғылыми әдебиетті іздеуді және іріктеуді жүзеге асырады;
- әдебиеттер тізімін белгіленген талаптарға сәйкес ресімдейді;
- ғылыми әдебиетке қысқаша шолу дайындайды;
- кафедраның ғылыми үйірмесінің жұмысына қатысады.

2 курс

Құзыреттер:

- ғылыми әдіснама туралы базалық білімі бар;

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026	
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 17 беті	

- зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдай алады;
- биостатистика туралы базалық білімі бар;
- деректерді жинау және алғашқы өңдеу дағдыларын меңгерген;
- постерлік баяндамалар мен тезистерді дайындау дағдыларын меңгерген.

Күтілетін нәтижелер:

- оқу-зерттеу тапсырмасын орындайды;
- ғылыми конференцияларға қатысады;
- оқу-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша тезистер дайындайды;
- зерттеу нәтижелерін постерлік баяндама форматында ұсынады.

3 курс

Құзыреттер:

- зерттеуді жоспарлай алады;
- зерттеу дизайнын әзірлеу дағдыларын меңгерген;
- ғылыми әдебиетті талдау дағдыларын меңгерген;
- ғылыми жарияланымдарды сыни бағалауды жүргізе алады;
- деректерді талдау үшін цифрлық құралдарды пайдаланады;
- ғылыми мақаланың құрылымын дайындаудың базалық дағдыларын меңгерген.

Күтілетін нәтижелер:

- кафедраның ғылыми жобасына қатысады;
- ғылыми жарияланымның жобасын дайындайды;
- ғылыми конференцияда баяндамамен сөйлейді;
- зерттеу нәтижелерін ауызша немесе жазбаша нысанда ұсынады.

4 курс

Құзыреттер:

- клиникалық және қолданбалы зерттеулерді жүргізуге қатыса алады;
- клиникалық және ғылыми деректер базасымен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген;
- зерттеу нәтижелерін статистикалық талдау дағдыларын меңгерген;
- академиялық жазу дағдыларын меңгерген;
- ғылыми мақаланың жекелеген бөлімдерін дайындай алады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 18 беті

Күтілетін нәтижелер:

- зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақала дайындайды;
- олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми іс-шараларға қатысады;
- клиникалық немесе қолданбалы зерттеуді орындайды;
- зерттеу нәтижелерін кафедралық немесе кафедрааралық деңгейде ұсынады.

5 курс

Құзыреттер:

- ғылыми зерттеу нәтижелерін түсіндіре алады;
- зерттеу нәтижелерін білім беру, клиникалық немесе ғылыми практикада қолдана алады;
- рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдарды дайындау дағдыларын меңгерген;
- ғылыми жетекшінің, редакцияның немесе рецензенттердің ескертулерін ескере отырып ғылыми мақаланы пысықтау дағдыларын меңгерген;
- ғылыми коммуникация дағдыларын меңгерген.

Күтілетін нәтижелер:

- ғылыми мақала жариялайды немесе қолжазбаны ғылыми журналға жібереді;
- кафедраның ғылыми жобаларына қатысады;
- зерттеу нәтижелерін конференцияларда, конкурстарда немесе ғылыми іс-шараларда ұсынады;
- қорытынды аттестаттау немесе бітіру жұмысы аясында қалыптасқан зерттеу құзыреттерін көрсетеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 19 беті

Б ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушылардың зерттеу дағдыларын бағалау шкаласы (IROS)

Ережеге сәйкес iROS салмақтық коэффициенттер қолданыла отырып, зерттеу белсенділігінің екі көрсеткішінен құралады:

- **1) жарияланымдық белсенділік** — салмақтық коэффициент **0,70**;
- **2) ғылыми қызмет** — салмақтық коэффициент **0,30**.

Қызметтің әрбір түрі бойынша балдар іс-шара деңгейіне (ЖОО / республикалық / ҚР-дағы халықаралық / шетелдегі халықаралық) байланысты осы шкалаға сәйкес қойылады. Бір оқу жылы ішінде бір түрдің бірнеше жетістігі болған жағдайда есепке ең жоғары расталған деңгей алынады.

1. ЖАРИЯЛАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК (салмақтық коэффициент 0,70)

1.1. Конференция тезистері және материалдар жинақтары

- ЖОО деңгейі — 80 балл;
- республикалық деңгей — 90 балл;
- ҚР-дағы халықаралық — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық — 100 балл.

1.2. Рецензияланатын басылымдардағы ғылыми мақалалар

- «ОҚМА» АҚ журналы және өзге де ЖОО басылымдары — 80 балл;
- ҚР ҒЖБМ БҒСБК тізбесіндегі журналдар және өзге де республикалық рецензияланатын басылымдар — 90 балл;
- ҚР-да шығарылатын халықаралық журналдар (халықаралық редколлегиясы және/немесе DOI бар) — 100 балл;
- Scopus және/немесе Web of Science деректер базасында индекстелетін журналдар (шетелде шығарылатын) — 100 балл.

1.3. Монографиялар мен оқу құралдарындағы тараулар

- ЖОО басылымы — 80 балл;
- республикалық басылым — 90 балл;
- халықаралық басылым (ҚР аумағында) — 100 балл;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 20 беті

- халықаралық басылым (шетелде) — 100 балл.

2. ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ (салмақтық коэффициент 0,30)

Ғылыми қызметке жарияланымдықтан өзге ғылыми, зерттеу, өнертапқыштық, жобалық және инновациялық белсенділіктің барлық түрлері кіреді. Балл ең жоғары расталған деңгей бойынша есептеледі.

2.1. Ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) және ғылыми жобалар

- кафедралық ғылыми жобаға қатысу — 100 балл;
- «ОҚМА» АҚ ішкі жобасына қатысу — 100 балл;
- республикалық ғылыми жобаға қатысу — 100 балл;
- ҚР аумағындағы халықаралық жобаға қатысу — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық жобаға қатысу — 100 балл.

2.2. Конференциялар (қатысу/баяндама)

- ЖОО конференциясының қатысушысы — 100 балл;
- ЖОО конференциясының баяндамашысы — 100 балл;
- республикалық конференцияның қатысушысы — 100 балл;
- республикалық конференцияның баяндамашысы — 100 балл;
- ҚР-дағы халықаралық конференцияның қатысушысы — 100 балл;
- ҚР-дағы халықаралық конференцияның баяндамашысы — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық конференцияның қатысушысы — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық конференцияның баяндамашысы — 100 балл.

2.3. Олимпиадалар, конкурстар, хакатондар

Қатысу:

- ЖОО деңгейі — 100 балл;
- республикалық деңгей — 100 балл;
- ҚР-дағы халықаралық — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық — 100 балл.

Жүлделі орындар (қорытынды балл):

- 3-орын — 100 балл (ЖОО), 100 балл (респ.), 100 балл (ҚР-дағы халықар.), 100 балл (шетелде);

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 21 беті

- 2-орын — 100 балл (ЖОО), 100 балл (респ.), 100 балл (ҚР-дағы халықар.), 100 балл (шетелде);
- 1-орын — 100 балл (ЖОО), 100 балл (респ.), 100 балл (ҚР-дағы халықар.), 100 балл (шетелде).

2.4. Зияткерлік меншік және өнертапқыштық қызмет

- авторлық құқық туралы куәлік (ЖОО деңгейі) — 100 балл;
- республикалық деңгейдегі авторлық куәлік — 100 балл;
- Қазақстан Республикасының патенті — 100 балл;
- халықаралық патент / шетелдегі патент — 100 балл.

2.5. Ғылыми тағылымдамалар мен гранттар

- «ОҚМА» АҚ деңгейіндегі тағылымдама/грант — 100 балл;
- республикалық тағылымдама/грант — 100 балл;
- халықаралық тағылымдама/грант (ҚР-да) — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық тағылымдама/грант — 100 балл.

2.6. Стартаптар және коммерцияландыру жобалары

- «ОҚМА» АҚ деңгейіндегі стартапқа қатысу — 100 балл;
- республикалық стартап-жобаға қатысу — 100 балл;
- республикалық стартап-конкурстың жеңімпазы/жүлдегері — 100 балл;
- халықаралық стартап-жоба (ҚР-да) — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық стартап-жоба / коммерцияландыру жобасы — 100 балл.

2.7. Зерттеу нәтижелерін ендіру

- «ОҚМА» АҚ кафедрасында ендіру актісі — 100 балл;
- медициналық ұйымда ендіру актісі (республикалық деңгей) — 100 балл;
- өңірлік/ұлттық деңгейде ендіру — 100 балл;
- халықаралық ұйымда / шетелде ендіру — 100 балл.

2.8. Өзге де ғылыми қызмет (сараптамалық жұмыс, ғылыми үйірмелер, СҒҚ)

- «ОҚМА» АҚ ғылыми үйірмесіне / СҒҚ-ға белсенді мүшелік, ғылыми жабдықты меңгеру туралы сертификат (ЖОО деңгейі) — 100 балл;

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 22 беті

- республикалық деңгейдегі сараптамалық жұмыс — 100 балл;
- халықаралық комиссиядағы сараптамалық жұмыс (ҚР-да) — 100 балл;
- шетелдегі халықаралық комиссиядағы сараптамалық жұмыс — 100 балл.

Жиынтық кесте — шкаланың iROS Ережесіне сәйкестігі

1-кесте — Зерттеу қызметінің түрлері мен ең жоғары балдардың сәйкестігі

Зерттеу қызметінің түрі	ЖОО деңгейі	Республикалық	ҚР-дағы халықар.	Шетелдегі халықар.	СК
1. Жарияланымдық белсенділік	80	90	100	100	0,70
2. Ғылыми қызмет	100	100	100	100	0,30

Есептеу формуласы: $iROS = ЗБ^{жар} \times 0,70 + ЗБ^{ғыл} \times 0,30$, мұндағы ЗБ — қызметтің тиісті түрі бойынша ең жоғары расталған балл (0-ден 100-ге дейін). iROS-тың ең жоғары мәні — 100 балл.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 23 беті

В ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін (SSCI) бағалау әдістемесі

1. Әлеуметтік белсенділік бойынша баллды есептеу формуласы

$$\text{Балл}(M) = \text{Максималды балл}(M) + \Sigma \text{Қосымша балл}$$

2. Әлеуметтік GPA (SSCI) есептеу формуласы

$$\text{SSCI} = [\Sigma (\text{Үлес} \times \text{Балл})] / [\Sigma \text{Үлес}]$$

3. Әлеуметтік GPA есептеуге арналған іс-шара түрлерінің үлесі

№	Іс-шараның түрі	Үлесі
1	Басқа іс-шаралар	0,25
2	Волонтерлік қызмет	0,25
3	Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0,0
4	Спорттық іс-шаралар	0,25
5	Студенттік өзін-өзі басқару органдары	0,25
6	Университет имиджіне қосқан үлесі	0,0
7	Шығармашылық қызмет	0,0

4. Ұйымдастырушы

Іс-шара түрі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Ұйым деңгейінде	ҚР-дағы халықаралық	Шетелдегі халықаралық	Қосымша балл
Басқа іс-шаралар	80	80	90	100	70	100	100	+10
Волонтерлік қызмет	80	80	90	100	70	100	100	+10
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0	0	0	0	0	0	0	0

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 24 беті

Спорттық іс-шаралар	80	80	90	100	70	100	100	+10
Студенттік өзін-өзі басқару органдары	80	80	90	100	70	100	100	+10
Университет имиджіне қосқан үлесі	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығармашылық қызмет	0	0	0	0	0	0	0	0

5. Қатысушы

Іс-шара түрі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Ұйым деңгейінде	ҚР-дағы халықаралық	Шетелдегі халықаралық	Қосымша балл
Басқа іс-шаралар	75	75	90	100	65	100	100	+10
Волонтерлік қызмет	75	75	90	100	65	100	100	+10
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0	0	0	0	0	0	0	0
Спорттық іс-шаралар	75	75	90	100	65	100	100	+10
Студенттік өзін-өзі басқару органдары	75	75	90	100	65	100	100	+10

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026 2-ші басылым 26 беттің 25 беті
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		

Университет имиджіне қосқан үлесі	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығармашылық қызмет	0	0	0	0	0	0	0	0

6. КӨРЕРМЕН

Іс-шара түрі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Ұйым деңгейінде	ҚР-дағы халықаралық	Шетелдегі халықаралық	Қосымша балл
Басқа іс-шаралар	70	70	90	100	50	100	100	+10
Волонтерлік қызмет	70	70	90	100	50	100	100	+10
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0	0	0	0	0	0	0	0
Спорттық іс-шаралар	70	70	90	100	50	100	100	+10
Студенттік өзін-өзі басқару органдары	70	70	90	100	50	100	100	+10
Университет имиджіне қосқан үлесі	0	0	0	0	0	0	0	0

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі, жастар саясаты бөлімі		Е 493 - 2026
«ОҚМА» АҚ интегралды GPA ережесі		2-ші басылым 26 беттің 26 беті

Шығарма шылық қызмет	0	0	0	0	0	0	0	0
----------------------------	---	---	---	---	---	---	---	---

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Мухамедияров Майдан Нагашыбаевич	Разработано	25.08.2026, 18:55:54	Без замечаний	
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	26.08.2026, 09:28:42	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	27.08.2026, 14:31:28	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	27.08.2026, 16:50:06	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденович	Согласовано	26.08.2026, 14:48:18	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	26.08.2026, 08:23:01	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	27.08.2026, 18:19:46	Без замечаний	
Арыстанбаев Куттыбек Есенгельдиевич	Согласовано	29.08.2026, 15:48:38	Без замечаний	
Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Согласовано	26.08.2026, 09:22:52	Без замечаний	
Сарсенбекова Алтынай Алибековна	Согласовано	26.08.2026, 09:31:36	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	27.08.2026, 09:17:21	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	31.08.2026, 18:06:05	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	31.08.2026, 18:06:12	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

